

Шолаққайынды ауылындағы Мир көшесін Ұлы Отан Соғысының ардагері Байдосов Тоқтарқұлдың атына өзгерту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Тереңөзек ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 07 маусымдағы № 07 Шешімі. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 02 шілдеде 105 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Шолаққайынды ауылы Мир көшесінің тұрғындарының пікірін ескере отырып және "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және де 2010 жылдың 23 сәуіріндегі Шолаққайынды ауылының Мир көшесінің тұрғындарының хаттамасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Шолаққайынды ауылындағы Мир көшесі Байдосов Тоқтарқұл атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуы Тереңөзек ауылдық округі әкімінің бас маманы Алпысбай Дорменовке жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

М.Мусаев